

Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2-семестр. 3-сабақ. Екінші бөлім.

Лексикалық тақырып: Өнертабыстағы жаңашылдық жастарға жат па?

Грамматикалық тақырып: Шарт мәнді сөйлемдер, олардың шақ, жақ бойынша түрленістері.

Есте сақтаңыз!

ШАРТ МӘНДІ СӨЙЛЕМ

Шарт мәнді сөйлем іс-әрекеттің орындалу шартын білдіреді.

Жасалу жолдары	Мысалы
Егер, онда лексика-грамматикалық тіркестері шақ, жақ бойынша түрленіп қолданылады.	
етістік + -са (-се) + жіктік жалғауы	Егер жоғары марапатқа ие болсам...
етістік + -ған (-ген, -қан, -кен) + жатыс септігі	Егер көктем келгенде бастағанда, үлгерер едім.
етістік + -атын (-етін, -йтын, -йтін) еді + жіктік жалғауы	Егер елбасымен кездессең қандай сұрақ қоятын едің?

1. Сөйлемдерді өз ойыңызбен толықтырыңыз.

-  Егер мол байлыққа кенелсем,
-  Егер табиғатты ластасақ
-  Су ресурсы үнемді пайдаланылмағанда
-  Егер қазба байлықтың бірін тауып алсам.....

Жазылым.

1-тапсырма. Сөз тіркестерімен шартты мәнді сөйлем құрастырыңыз.

тіршілік үшін, ауаның ластануы, табиғи ластану, автокөлік және тұрмыстық қалдықтар, ұшатын зымырандар, табиғи орта, зиян келтіру, экологиялық апат, экологиялық жағдай, экологиялық аймақ.

2-тапсырма.

Айтылым.

Өнер-білім туралы мақал-мәтелдер айтыңыз.

Тілді дамыту. Балалар ойлап тапқан керемет өнертабыс жайлы ақпаратпен танысып, пікіріңізді білдіріңіз.

Қорғаушы құлаққаптар

Фармингтон қаласының (Мэн штаты) тумасы 15 жастағы Честер Гринвуд 1874 жылы қорғаушы құлаққаптарды ойлап тапты. Жігіт қысты жақсы көрді, бірақ оның қалың жүнді құлақшындарға деген махаббаты болмады, себебі олар терінің қышуын тудыратын. Әрине, қыстың күні құлақшынсыз жүру мүмкін емес. Бірде, коньки тебуден үйге қайтып бара жатып, ол жол бойында жатқан сымды алды, содан кейін заманауи құлаққаптардың прототипін жасап, әжесінен оларды өңдеп, суық өткізбейтіндей етіп тігін беруін өтінді.

Баланың идеясы өте сәтті болды, сондықтан ол 3 жылдан кейін патент алды. Құлаққаптардан басқа, Гринвуд металл тырма, сіріңке қорабының жарнамасын және басқа да көптеген жаңалықтарды ұсынды. Жас өнертапқыштың құрметіне Мэн штатында 21 желтоқсанды Честер Гринвуд күні деп жариялады, ал Фармингтон қаласында жыл сайын құлаққаптар шеруі өтеді.

Электр гирляндасы

Альберт Садака қыс мезгіліне түрлі түстер жетіспейді деп шешкенде 15 жаста еді. Ол үйдегі жаңа жылдық шыршаның неліктен көшені безендіруге арналған электр шамдарымен емес, қарапайым шамдармен безендірілетінін түсіне алмады. Бұл мәселені шеше отырып, ол шамдар тізбегін бір торға жауып, қазіргі кезде электр гирлянда деп аталатын құралды жасады.

Бала үй безендіруге арналған гирляндалар ойлап тапты, ал көше гирляндалары сол кезде бар еді. Бұл оқиға 1917 жылы болды. Осы сәттен бастап қауіпті шамдарды алмастырған, шыршаларды безендіруге арналған, әрі қол жетімді гирляндалар пайда бола бастады. Ата-аналар барлық ақшаны ұлының өнертабысына салған және бұл үшін еш өкінген емес. Шынында да, бірнеше жылдан кейін бұл өнертабыс Альбертке және оның отбасына үлкен табыс әкелді. Адамдар қысты кемпірқосақтың барлық түстерімен бояды.

Жемісті мұз

1905 жылы 11 жасар Фрэнк Эпперсон таяқтағы балмұздақты ойлап тапты, бірақ бұл кездейсоқ болды. Сусынға арналған ұнтақтәрізді қоспаны стақан суға араластырып, көшеде ұмытып кетеді. Түнде температура нөлден төмен түсіп, сұйықтық қатып қалды. Бұл қоспаны еріту үшін бала оны стақаннан шығаруға тырысты. Фрэнк қасықпен бірге стақаннан барлық мұзды шығарды. Дәмін татып болғаннан кейін, бала ешнәрсені жібіту қажет емес деген тұжырымға келді - себебі дәл осылай дәмдірек. Ол өзінің өнертабысын көпшілікке 1922 жылы ғана ұсынды және бір жылдан кейін оған патент алды.

3-сабақ аяқталды.